

**1997 жылғы 17 қаңтардағы Ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 700 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса берілп отырған 1997 жылғы 17 қаңтардағы Ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы макұлдансын.

2. 1997 жылғы 17 қаңтардағы Ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берे отырып, қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

*B. Сагынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 700 қаулысымен  
макұлданған

Жоба

**1997 жылғы 17 қаңтардағы жылжымалы Ұялы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы  
ХАТТАМА**

бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1997 жылғы 17 қаңтардағы Ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімнің қатысуши мемлекеттерінің үкіметтері,

жылжымалы ұялы байланыстың техникалық мүмкіндіктерінің үнемі ұлғаюын ескере отырып,

жылжымалы ұялы байланыс қызметтерін көрсету бойынша тиімді шараларды әзірлеуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

1997 жылғы 17 қаңтардағы Ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) мынадай өзгерістер енгізілсін:

**1. 1-бапта екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:**

"жылжымалы ұялы байланыс жүйесі (жылжымалы радиотелефон байланысы) - техникалық құралдардың (коммутациялық және радиожабдық, жалғастыруыш желілер, құрылыштар) жиынтығы, олардың көмегімен жүйе абоненттеріне үздіксіз телефон байланысы (қалалық, қалааралық, халықаралық) өздерінің арасында және жалпы пайдаланымдағы, оның ішінде радиотелефон байланысының заманауи цифрлық стандарттарын пайдалана отырып желі абоненттеріне ұсынылады;".

**2. 2-бап мынадай редакциядағы абзацпен толықтырылсын:**

"жылжымалы ұялы байланыс жүйелерін пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтуге қатысты ұсыныстар.".

**3. 3-бапта:**

жетінші абзацтағы "келісілген" деген сөз "қажет болған жағдайда" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай редакциядағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

"жылжымалы ұялы байланыс жүйелерін пайдалана отырып, трансшекаралық қызметтерді дамытуға, сондай-ақ абоненттердің көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігін оңайлатуға және байланыс операторларына қызмет көрсету бойынша қызметті реттеуге ықпал ету;

шекара маңы станцияларынан келетін сигналдың куаттылығын реттеу бойынша шаралар әзірлеуге және қабылдауға, үйлестірілген жиіліктер беру параметрлеріне сәйкес келуіне ықпал ету.".

**4. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:**

"Шаруашылық жүргізуі субъектілердің қызметі өздерінің арасында ұялы жылжымалы байланыс жүйелерінің мемлекетаралық бағыттарындағы өзара іс-қимылы туралы шарттар жасалған кезде осы Келісімнің қатысуши мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында регламенттеледі.".

**5. 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:**

"Тараптар осы Келісімнің қатысуши мемлекеттерінің аумақтарында осы байланыс түрінің қызметін және жылжымалы радиотелефондың байланыс жүйелерін пайдалана отырып, ұсынылатын басқа да қызмет түрлерін кедергісіз ұсынуға бағытталған ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту және пайдалану саласындағы ұлттық нормативтік құқықтық актілерді жақыннату жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Тараптар ұялы жылжымалы байланыс жүйесі арқылы тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін және қауіпсіздікпен байланысты проблемаларға және қаржылай шығындарға алып келетін санкцияланбаған, сапасыз трафикті (оның ішінде "SimBox" нөмірлері арқылы) тапсыруға жол бермеу, сондай-ақ трафикпен өзара алмасу үшін екі тараптың ұялы операторларының тікелей дауыс арналарын пайдалану ынтымақтастығын дамытады.".

**2-бап**

Осы Хаттама барлық қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы депозитарийге үшінші хабарламаны сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін ол депозитарийге тиісті құжаттарды тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

2018 жылғы 2 қарашада Астана қаласында бір төлнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының  
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі  
Үшін

Армения Республикасының

Тәжікстан Республикасының  
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін

Түрікменстан Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының Үкіметі  
үшін

Қыргыз Республикасының  
Үкіметі үшін

Украина Үкіметі үшін

Молдова Республикасының  
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК